

ӨОЖ 373.31
FTAMP 14.25.09

DOI 10.52301/1991-0614-2025-2-56-74

*Н.С. Асенова, А.М. Сегизаева**

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан
ais.segizaeva@mail.ru*

МУЗЫКА САБАҒЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін музыка сабағы арқылы дамытудың кейбір жолдары қарастырылған. Музыкалық іс-әрекеттердің оқушылардың эстетикалық және тұлғалық дамуына әсері сипатталып, тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылды. Музыка сабағы – бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы. Музыкалық іс-әрекеттер балалардың қиялын, эмоциялық сезімін, көркемдік талғамын қалыптастырып, олардың эстетикалық және тұлғалық дамуына ықпал етті. Мақалада оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерге талдау жасалды. Атап айтқанда, ән айту, музыка тыңдау, музыкалық импровизация, ырғақтық қимылдар мен музыка арқылы көркем бейне жасау сияқты жұмыс түрлері ұсынылды. Сонымен қатар шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың өзіндік ойлауына, дербес шешім қабылдауына және эмоцияларын еркін жеткізуіне мүмкіндік беретін оқу ортасын ұйымдастырудың маңыздылығы қарастырылды. Музыка сабағында әр оқушының даралығын ескере отырып, шығармашылық қабілетін ашуға жағдай жасаудың педагогикалық шарттары көрсетілді. Мақалада ұсынылған тәсілдер оқу үдерісін жандандырып, оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттырды. Зерттеу барысында музыкалық іс-әрекеттердің балалардың қиялы мен ойлау қабілетін, эмоциялық сезімі мен эстетикалық талғамын қалыптастырудағы маңызы анықталды. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дербестігін, өз ойын еркін жеткізуін және өнерге деген қызығушылығын арттыратын шығармашылық орта ұйымдастырылды.

Кілтті сөздер: шығармашылық қабілет, музыка сабағы, бастауыш сынып, музыкалық іс-әрекет, педагогикалық әдістер.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – басты бағыттардың бірі болып отыр. Әсіресе, бастауыш сыныпта музыка сабағында оқушылардың бойындағы шығармашылық қабілетті дамыту – балалардың музыкалық іс-әрекеттерге белсенді қатысуы арқылы жүзеге асады.

Осы орайда, оқушыларға ән айту, тыңдау, музыкалық шығармаларға талдау жасау, ритмдік жаттығулар, аспапта ойнау, музыкаға байланысты бейнелеу немесе қимыл-қозғалыс арқылы өз ойын білдіру ұсынылды.

Шығармашылық қабілеттің негізгі компоненттері – елестету, қиялдау, эмоциялық әсерлену және өзіндік идеялар ұсыну болып табылады. Сол себепті мұғалімдер бұл бағытта түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануы тиіс: ойын технологиялары, импровизация, топтық жұмыс, жобалық әдістер және көрнекі құралдар.

Сонымен қатар оқушының жас ерекшеліктеріне сай жеке даму деңгейін ескеру қажет. Музыкалық ойындар мен сахналық қойылымдар балалардың шығармашылық белсенділігін арттырады. Осы арқылы оқушылар тек музыкалық қабілеттерін дамытып қана қоймай, ынтымақтастық, өзін-өзі көрсету және эстетикалық талғам қалыптастырады. Абілеттерді дер кезінде анықтап, дамыту маңызды. Музыка сабағы – шығармашылықты, эстетикалық талғамды, музыкалық есту мен қиялды қалыптастыратын негізгі пәндердің бірі.

Материалдар мен әдістер

Ерте балалық шақтан бастап өнер жалпы баланың дүниетанымын, оның эстетикалық және моральдық мәнін қалыптастыру құралы ретінде қызмет ететіні, бейнелі ойлауды дамытатыны анық. Музыкада бала өзінің шығармашылық қабілеттерін дамытады. Шығармашылық қызмет тәжірибесін алады, өзінің жеке басын қалыптастырады [1].

Практикалық іс-әрекетте балалардың өнімді шығармашылығын талдай отырып, біз баланың қасиеттерін, оның бейімділігін, қызығушылықтарын, қабілеттерінің әртүрлілігін бағалай аламыз. Шығармашылық белсенділік баланың жеке басына трансформациялық әсер ете алады.

Музыкалық шығармашылықтың қайнар көзі – өмірлік құбылыстар, музыканың өзі, баланың игерген музыкалық тәжірибесі.

Ұлы Абай поэзия мен музыканың өмір шындығын бейнелеудегі маңызын терең түсініп, көркем шығармашылықтағы әсемдік, биік мұраттар, орындаушылық дәстүрлер мен шеберліктің рөлін жоғары бағалаған. Ол эстетикалық тәрбиенің негізгі өлшемдеріне ғылыми тұрғыда талдау жасап, өнердің адам болмысын тәрбиелеудегі орнын айқындап берді [2].

Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби де музыканың тәрбиелік мәнін ерекше атап көрсетіп, музыкалық қабілетті дамыту үшін көп тыңдау, жүйелі жаттығу, әуен мен тон ерекшеліктерін талдай білу қажеттігін алға тартты. Оның пайымдауынша, музыка тек есту арқылы емес, тәжірибе жинақтау мен талдау арқылы меңгеріледі [3].

Осы идеялар бастауыш сынып оқушыларына музыкалық білім беру үдерісінде де өзекті. Музыка сабағында оқушылар көркем туындыларды тыңдау, салысты-

ру, талдау арқылы эстетикалық әсер алады. Олар өз ойларын жолдастарының пікірлерімен салыстырып, шығармашылық көзқарасын қалыптастырады. Шығармаларды әңгімелеу, көркемдік құралдарын талдау оқушының ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байытады. Мұндай тәсілдер балалардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эмоционалдық сезімін тереңдетуге және көркемдік талғамын қалыптастыруға зор ықпал етеді [4].

Борис Михайлович Теплов балаларды шығармашылық қызметке ерте тарту жалпы даму үшін пайдалы екенін, баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне толық жауап беретінін атап өтті.

Шығармашылық – бұл жаңашыл ойлау қабілетіне, қиял мен елестетуге, жоғары психикалық функциялардың дамуына негізделген, тұлғаның іс-әрекетінде, мінез-құлқында, қарым-қатынасында және қоршаған ортамен байланысында көрініс табатын жеке қасиет.

Музыка сабағында баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту музыкалық білім берудің өзекті міндеттерінің бірі болып қала береді. Сыныпта проблемалық жағдайлардың туындауы өнерді шығармашылық қабылдауға ынталандыруы мүмкін.

Дмитрий Борисович Кабалевский балалар шығармашылығының көрінісі ретінде олардың жауаптарының ерекшелігін, мұғалімге өз бетінше сұрақ қоюға деген талпынысын, музыкалық шығарманы орындаудағы өзіндік көзқарасы мен болжамдарын, сондай-ақ есту қабілетінің сезімталдығын атап көрсеткен [5].

Музыка сабағындағы музыкалық іс-әрекеттің түрлерін анықтай отырып, мыналарды жатқыздық:

1. Музыканы қабылдау.
2. Хормен ән айту.
3. Музыкалық және ырғақты қозғалыстар.
4. Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы.
5. Оқушылардың шығармашылығы.

Музыканы қабылдау – бұл музыкалық шығарманың мазмұнын тұтас, қиялмен және эмоциямен саналы түрде түсіну процесі. Бұл үрдіс оқушының музыкалық талғамы мен есту қабілетін дамытып, шығармашылықтың негізін қалайды.

Хормен ән айту – вокалдық және хорлық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ұжыммен жұмыс істеу, жауапкершілік пен өзара түсіністік сияқты адами қасиеттерді дамытатын музыкалық әрекеттің маңызды түрі.

Ырғақты қозғалыс – музыканың эмоционалды әсерін терең сезінуге көмектесіп, музыкалық материалды моторлы және пластикалық қозғалыстар арқылы меңгеруге жағдай жасайды. Бұл тәсіл оқушылардың дене мен музыканы үйлесімді түрде қабылдауына ықпал етеді.

Аспаптарда ойнау – оқушылардың орындаушылық қабілетін арттырып, көркемдік тәжірибесін байытады. Аспаптық орындау арқылы оқушы музыкалық мәтінді тереңірек түсінуге және өзіндік шығармашылыққа қадам жасауға мүмкіндік алады.

Музыкалық шығармашылық – бұл музыкалық және есту қабілеттеріне сүйене отырып, алған білім мен дағдыларды жаңа жағдайларда қолдануға негізделген өзіндік іс-әрекет. Мұндай шығармашылық іс-әрекет оқушының тұлғалық дамуына әсер етеді.

Алайда музыка сабағында әрекеттердің көптігі міндетті түрде сапалы нәтиже береді деген сөз емес. Сабақтың құрылымы, тақырыппен байланысы және мақсатты бағыттылығы маңызды рөл атқарады. Оқушылардың музыкалық дамуын қамтамасыз ету үшін кешенді, жүйелі, мақсатқа бағытталған әдістеме қажет.

Музыкалық белсенділік тек музыкалық емес, жалпы шығармашылықты дамытуға да ықпал етеді. Бұл үрдісте ойлау, эмоция, қиял, ерік-жігер, зейін сияқты психикалық процестер жетіледі. Баланың шығармашылық әлеуетін ашуда жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру маңызды.

Музыка – тек рухани құндылықтарды жеткізуші құрал емес, сонымен қатар меңгеруді талап ететін рухани қарым-қатынас тілі. Бұл тіл музыкалық образды түсінуде, интонация мен орындаушылықта көрініс табады.

Ғалымдар шығармашылықты дамытуда екі негізгі шартты атап көрсетті: психологиялық және әлеуметтік-психологиялық жағдайлар.

Д.Б. Эльконин тұлғаның дамуы әлеуметтік жағдайдағы іс-әрекет арқылы жүзеге асады деп есептеді. Ал В.С. Юркевич танымдық қажеттіліктің үш деңгейін атап көрсетті:

1. Ерте балалық шақтағы әсер алу қажеттілігі;
2. Жасөспірім кезеңіндегі мақсатты, бірақ стихиялық танымдық белсенділік;
3. Жаңа білімге деген тұрақты, саналы ұмтылыс.

Л.С. Выготскийдің пікірінше, шығармашылық – бұл қайта құруды қажет ететін, жаңа идеялар мен шешімдерді ойлап табу үрдісі, ал қиял – эмоционалды және интеллектуалды өмірмен байланысты маңызды функция болып табылады [6].

Бастауыш сынып оқушылары табиғатынан шығармашылыққа бейім келгендіктен, бұл жастағы балалар сұлулықты қабылдауға ашық, ал музыка олардың ішкі жан дүниесін қалыптастыратын эстетикалық және адамгершілік тәрбиенің қуатты құралы ретінде қызмет етуде.

Ғылыми зерттеушілердің пікірінше, баланың мектепте болған алғашқы күндерінен бастап музыкалық шығармашылығын дамытуға, музыкалық мәдениеттің негіздерін қалыптастыруға баулу қажет.

Қазіргі ғылыми зерттеулер музыкалық дамудың баланың жалпы дамуына зор ықпал ететінін көрсетті. Осы арқылы балада эмоционалды сала қалыптасып, қабылдау күшейеді, қиял мен ерік дамиды, ойлау процесі белсендіріледі. Бастауыш сынып оқушылары үшін оқу, ойын, қарым-қатынас және еңбек сияқты әрекеттердің мәні ерекше. Бұл кезеңде шығармашылық қабілеттердің дамуына қолайлы орта құру – басты педагогикалық міндеттердің бірі.

Зерттеушілердің пікірінше, шығармашылық қабілеттерді тиімді дамыту үшін келесі жағдайлар маңызды болып келеді:

- баланың қызығушылығы мен еркін таңдауына жағдай жасау;
- психологиялық қолдау мен ересектердің мейірімді көмегі;
- отбасындағы және оқу ортасындағы жылы, достық атмосфера.

Музыкалық білім беру осы шарттарды орындау арқылы тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал етті. В.А. Сухомлинскийдің айтуынша, «музыкалық білімсіз адамның толыққанды психикалық дамуы мүмкін емес».

Британдық ғалым Хиггинс композиция, тыңдау немесе әуенді орындау болсын, музыкалық тәжірибенің орталық бөлігі шығармашылық қабілеттің дамуымен байланысты деп есептеген. Мектептердегі музыкалық шығармашылық тыңдау, орындау, импровизация және композиторлық сияқты әртүрлі жұмыстарда орын алуы мүмкін. Композиция мен импровизация негізінен музыкалық шығармашылыққа қатысты жаңа идеяларды құрудың негізгі қызметі ретінде қабылданады [7].

XXI ғасырда музыканы жақсы оқыту туралы ойламас бұрын, алдымен оқушылардың қиялын ояту үшін мұғалімдер басқа не істей алу керек екенін қарастыруымыз керек. Тағы бір ескеретін аспект – баланың тұтас дамуы үшін шығармашылықтың маңыздылығы. Өзінің зерттеуінде эволюциялық психолог Пол Харрис бастауыш сынып жасындағы балалардың қиялы біз ойлағандай ұйымдаспаған екенін айтты.

Харристің мәлімдемесі мектептердегі балалардың қиялын ескеру және бағалау қаншалықты маңызды екенін көрсетуі мүмкін. Тиісінше, мұғалімдердің музыкалық білім берудегі қиял мен шығармашылық қабілетке деген көзқарастары мен тәжірибелерін терең зерттеу қажет [8].

Америкалық зерттеуші Вебстер адамдардың музыкалық мінез-құлқының үш негізгі әдісін сипаттайды. Біріншіден, ең көп тарағаны – тыңдау, екіншіден, музыка жазу, бұл ең аз типтік мінез-құлық, үшіншіден, орындау. Музыканы жақсы оқыту әдетте мінез-құлықтың барлық үш түрін қамтиды.

Теориялық тұрғыдан алғанда, шығармашылық процесс қиялдан басталады, содан кейін импровизацияға көшеді және ақырында түпнұсқа өнімді, ерекше және жаңа нәрсені жасайды. Мұғалімдердің қиял туралы кейбір мәлімдемелері осы тұрғыда өнімге бағытталған. Мысалы, музыка сабақтарында оқушылардың

шығармашылық қабілеттерін ескеру және әртүрлі ойлауға баса назар аудару бұрын-соңды әзірленбеген жаңа өнімдерге әкелуі мүмкін. Сонымен қатар егер мұғалім оқу процесінде музыканың шығармашылық жағын сыныпта қолдануға мүмкіндік беретін кейбір компоненттерді қосса, олар оқудың тиімділігін арттыра алады. Мұғалімдер импровизацияны қиялмен байланыстырды, музыкалық белсенділік әңгімелер мен ертегілерге байланысты ойдан шығарылған музыка жасау, сондай-ақ эксперимент – музыканы табиғат пен қоршаған ортаның дыбыстарымен зерттеу ретінде сипаттады. Бұл импровизациялық педагогиканың бөлігі болуы мүмкін. Бұл педагогика мектеп контекстіне қиял тұрғысынан жаңа идеяларды нақты енгізуді қамтамасыз ету үшін айтарлықтай қайта құрылуы және дамуы керек. Бұл зерттеудегі мұғалімдердің көзқарастары бастауыш мектепте музыканы оқытуда қиялды іс жүзінде қолданудың маңыздылығын растайтын сияқты. Екінші жағынан, зерттеу нәтижелеріне сәйкес, мұғалімдер шығармашылықты стандартты емес ойлаумен, сыни ойлау қабілетін дамытумен және балаларға өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік берумен байланыстырады.

Музыка педагогикасы саласындағы танымал америкалық зерттеушілер Хики мен Вебстер шығармашылық процесті «адам шығармашылық өнімді жасауды жоспарлаған кезде пайда болатын ойлау процесі» деп сипаттады. Музыкадағы шығармашылық ойлаудың Вебстер жасаған моделіне сәйкес күрделі шығармашылық процесс идеядан немесе дизайннан басталып, шығармашылық өнімді жасаумен аяқталатынын атап өтті [9].

Креативті ойлау – бұл шығармашылықпен ойлау және ескі идеялардың орнына жаңа және ерекше музыкалық идеялар жасау қабілеті.

Мектептер инновациялық және шығармашылық тәжірибе бағаланатын болашаққа дайындалу үшін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен көзқарастарын дамытуда шешуші рөл атқарады. Шын мәнінде, мұғалімдердің міндеті – оқушыларға өмірден ләззат алу, әлемге үмітке толы көзбен қарау және бәрі өзгеруі мүмкін деп сену қажеттілігін ояту болып табылады.

Австралиялық музыка педагогы Люси Бейнджердің бақылаулары ынтымақтастық пен қолдау атмосферасы болған кезде мұғалімдердің оқушыларымен музыка сабақтарына белсенді қатысуға деген ұмтылысы арта түсетінін және бұл балалардың білім сапасын, шығармашылық қабілеттерін арттыруға айтарлықтай үлес қосатынын көрсетті.

Шығармашылық – бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын, сондай-ақ қиялын дамыту үшін қажет. Бастауыш сынып мұғалімдерінің көпшілігі, соның ішінде біз шығармашылықты жеке және әлеуметтік дамудың маңызды аспектісі деп санаймыз. Бұл құбылысты сипаттай отырып, біз оқушылардың му-

зыка сабағындағы шығармашылық қабілеттерін зерттедік. Мысалы, әңгімелер негізінде ән жасау немесе керісінше.

Шығармашылық өзіндік ерекшелікті қажет етеді. Тиісінше, музыка шығармашылық қабілетті байыта алады, өйткені ол жаңа және әртүрлі көзқарастарды дамытуды, сезімдер мен ойларды білдіруді қамтиды. Осылайша бастауыш сынып оқушылары білім беру барысында әрдайым әртүрлі ойлау қабілеттеріне ие болады. Музыка сабағындағы шығармашылық оқушылардың оқу үдерісіндегі ерекшеліктеріне, тәжірибесіне және таңдауына қарай өзгеруі мүмкін.

Музыка сабағында біз бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға деген ұмтылыстары мен тілектерін қанағаттандыруымыз керек.

Шығармашылық біздің қиялымыздың байлығына байланысты, сіз неғұрлым көп елестетсеңіз, музыкадағы шығармашылық қабілеттеріңіз соғұрлым айқын болады. Музыкалық білім беруде біз бұл шығармашылық қабілетті сұрақтар мен жауаптар емес, ойындар мен билер арқылы аша аламыз.

Мұғалімдер бастауыш сыныптың музыка сабағындағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эмоцияларын қимылдар – би және ұрмалы аспаптармен импровизациялау арқылы білдіру ретінде қабылдады. Негізінен бұл мәлімдемелер нәтижеге емес, процеске қатысты болды [10].

Мұғалімдерге оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін шығармашылық үдерісті, өнімді, жеке тұлғаны және қоршаған орта факторларын нақты түсіну қажет.

Музыкалық белсенділік тек музыкалық емес, жалпы шығармашылық дамуға әсер ететіндіктен, мұндай белсенділік – бастауыш сынып оқушылары үшін шығармашылық әлеуетін ашуға арналған тиімді құрал. Музыка сабағында қолданылатын әрекеттер – тыңдау, ән айту, қимылдар, импровизация – олардың эстетикалық талғамын, қиялын және эмоционалды жауапкершілігін дамытады.

Импровизация – шығармашылық ізденістің көрінісі болғандықтан, ол музыкалық идеяларды еркін білдіруге, өз бетінше шешім қабылдауға үйретеді. Мұғалімнің міндеті – балаларды еркін шығармашылыққа жетелейтін жағдай жасау. Импровизация кезінде балалар өз сезімін, ой-толғанысын музыка тілі арқылы жеткізуге тырысады.

Қиял бастауыш сыныпта музыкалық шығармашылықты дамытудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [11].

Бастауыш сынып және музыка пәні мұғалімдері оқушылардың шығармашылық қабілеті мен қиялының дамуы туралы түсініктерін зерттеу және олардың осы құбылыстарды қалай бастан кешіретінін түсіну маңызды болып табылады. Біз мұғалімдердің балаларға өз идеялары мен қиялдарын әртүрлі

тәсілдермен жеткізуге мүмкіндік беру үшін негізгі музыка сабақтарын қалай қалыптастыратынын түсінуге қол жеткізе алуымыз қажет. Осы орайда, келесі зерттеу сұрақтарын қарастырдық:

1. Бастауыш музыкалық білім берудегі сынып және музыка мұғалімдерінің қиял мен шығармашылықты қабылдауы қандай?

2. Мұғалімдер оқушылардың қиялын және музыкалық шығармашылығын дамыту үшін сыныптағы жақсы тәжірибені қалай дамытады және жүзеге асырады?

3. Мұғалімдердің пікірінше, оқушыларды қиялшыл және креативті ойшыл ретінде дайындау үшін бастауыш музыкалық оқу бағдарламасына қандай өзгерістер енгізу қажет?

Бірінші сұрақ мұғалімдердің шығармашылық қабілет пен қиял ұғымдарын қалай түсінетінін, олардың маңызын қалай бағалайтынын және бұл түсініктердің олардың оқыту тәжірибесіне қалай ықпал ететінін анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші сұрақ арқылы мұғалімдердің оқушылар қиялын дамытуға бағытталған нақты әдістері мен сабақтағы табысты тәжірибелері талданады.

Үшінші сұрақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына қандай өзгерістер енгізуді қолдайтынын және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қандай оқу мазмұны немесе әдістемелер қажет екенін анықтауға бағытталған.

Бастауыш музыкалық білім беру саласында мұғалімдердің шығармашылық қабілет пен қиялды қабылдауы, оны дамыту жолындағы тәжірибелері мен ұсыныстары – оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуда шешуші рөл атқарады.

Музыка сабағында оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен оқу мазмұнына байланысты. Сабақ ойын түрінде ұйымдастырылып, балалар өз бетінше шығармашылық тапсырмаларды орындай алуы қажет.

Музыкалық білім беру үрдісінде:

1. Музыка әр оқушы үшін жеке қабылданатын өнер ретінде қарастырылады.

2. Музыка – қозғалыспен тығыз байланысты, баланың ішкі жан дүниесіне бағытталады.

3. Музыканы қабылдау – есту, көру, сөйлеу және қозғалыс тәжірибесінің бірлігінде жүзеге асады.

4. Бастауыш жастағы балалардың табиғи дарындылығы мен сұлулыққа деген сезімталдығы – шығармашылықты дамытудың басты алғышарттары [12].

Музыка балалардың шығармашылық әлеуетін оятып, дамуына ықпал етеді. Эмоционалды қабылдау, қиял және шығармашылық ойлау бір-бірімен тығыз бай-

ланысты. Музыкалық-шығармашылық іс-әрекет – бұл оқушының өнер арқылы рухани құндылықтар жасауға бағытталған әрекеті.

Музыка сабағында шығармашылық қабілеттерді тиімді дамыту үшін келесі шарттарды анықтадық:

- кіші жастағы оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен әлеуетін арттыру;
- шығармашылық жұмыстарды белгілі бір жүйе бойынша ұйымдастыру;
- оқу мотивациясын ескеру.

Сабақ дайындау кезінде мұғалім қандай сыныппен жұмыс істейтінін, олардың жас ерекшеліктерін және музыкалық дайындық деңгейін нақты білуі тиіс.

Музыкалық іс-әрекет түрлеріне негізделген шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың музыкалық естуі, ырғақты сезімі, көркем ойлау қабілеті дамитыны анық. Сондықтан мұндай тапсырмалар өзгермелі, “жаңалық әсерін” тудыратын, жас ерекшеліктеріне сай, көрнекілік принципіне негізделген және ұжымдық жұмысқа бейімделген болуы керек.

Музыка сабағы арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың кейбір жолдарын қарастыра отырып, осындай тапсырмалар үлгілерін ұсынамыз:

1. *«Баспалдақ»*

Мақсаты: әуен бағытын анықтау, дыбыстардың биіктігін ажырату.

Құрал-жабдық: металлофон, ноталық сызықтары бар карточкалар.

Мазмұны: Мұғалім әуен орындайды, оқушылар шеңберлерді ноталық сызықтарға орналастырады.

2. *«Би билеуді үйрен»*

Мақсаты: ырғақты үлгілерді дұрыс жеткізу.

Құрал-жабдық: ұя салатын қуыршақтар.

Мазмұны: Мұғалім ұсынған ырғақты қимылдарды оқушылар қуыршақтар арқылы қайталайды.

3. *«Гүл шоқтары»*

Мақсаты: дыбыстың ұзақтығын (қысқа–ұзақ) ажырата білу.

Құрал-жабдық: барабан, екі түрлі гүл макеті.

Мазмұны: Ұзақ дыбыстарға – ромашкалар, қысқа дыбыстарға – көк гүлдер жауап береді.

4. *«Әуенді тап»*

Мақсаты: танымал телехабарларға арналған музыкалық фрагменттерді ажырату.

Мазмұны: Қатысушылар әуен арқылы телебағдарламаның атауын табуы керек.

5. «Ұлы адамдар»

Мақсаты: композиторларды музыкасы арқылы тану.

Мазмұны: Әуен орындалады, оқушылар композитордың атын көрсетеді.

6. «Музыкалық қылқалам»

Мақсаты: музыкалық есту мен қиялды дамыту.

Мазмұны: Ф. Мендельсонның әуені тыңдалып, оқушылар оны қиялдағы кеңістікте «қылқаламмен» бейнелейді.

Музыка сабағында түрлі музыкалық іс-әрекеттерді қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасай отырып, импровизация процесінде музыкалық есту, есте сақтау, қиял және ойлау қабілеттерінің қарқынды дамуына үлес қостық.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін музыка сабағы арқылы дамытудың кейбір жолдары тақырыбын қарастыра отырып, Павлодар қаласындағы «Мұзафар Әлімбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің» 3 «А» (бақылау) және 3 «Ә» (эксперименталды) сыныптарында музыка пәні бойынша тәжірибе жүргіздік. Жалпы зерттеуге 40 оқушы қатысты (әр сыныпта 20 оқушыдан). Зерттеудің алғашқы кезеңінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің бастапқы деңгейін анықтау мақсатында арнайы тапсырмалар мен сауалнама сұрақтарын қолдандық. Сонымен қатар оқушылардың музыкалық білім деңгейін бағалау үшін дәстүрлі диагностикалық әдістер, соның ішінде тестілеу, бақылау және шығармашылық тапсырмаларды орындау сияқты әдістерді пайдаландық.

Анықтау кезеңінде 3 «А» сыныбы бақылау тобы ретінде алынып, онда музыка сабағын дәстүрлі әдістер арқылы өткіздік. Яғни оқушылармен негізінен ән айту, музыка тыңдау, қарапайым теориялық мәліметтермен жұмыс жасау секілді сабақ үлгілерін қолдандық.

Анықтау кезеңінде келесідей сауалнама сұрақтарын пайдаландық:

1. Саған музыка сабағы ұнай ма?
2. Қиялыңды қолдануды ұнатасың ба?
3. Музыкамен сурет салған, билеген немесе өлең шығарған ұнай ма?
4. Бір әуен естігенде сенің көзіңе не елестейді?
5. Ән, әуен немесе ритм ойлап тапқың келе ме?

Оқушылар шығармашылық диагностикаға байланысты осындай тапсырмалары орындады:

1. Әуенге байланысты сурет салды.
 - Мұғалім «Табиғат тынысы» атты баяу классикалық әуенді қойды.
 - Оқушылар сол әуеннен алған әсері бойынша сурет салды.

2. Ән мәтінін құрастырды.

– «Көңілді күн» тақырыбында 2–3 жолдық шумақ ойлап табылды.

“Таң атты, күн күлімдеді,

Құстар ұшты тербеліп.

Балалар мәз, күнмен бірге,

Күледі олар жүгіріп.”

3. Музыкалық қимыл (пантомима)

– Әуен қосылды (қуанышты, қайғылы немесе жай әуен), оқушы сол музыкаға сай қимылмен бейнеледі.

Нәтиже және талқылау


Оқушылар музыка арқылы өз қиялдарын, эмоционалдық күйін білдіруге мүмкіндік алды. Сурет салу, ән құрастыру, қимыл-қозғалыс арқылы бейнелеу сияқты шығармашылық тапсырмалар олардың қиялын, көркемдік-эстетикалық талғамын және өзіндік идеяларын жеткізу қабілетін дамытуға ықпал етті. Музыкалық шығарманы сезіну, оның мазмұнын түрлі тәсілдермен жеткізу әрекеттері балалардың эмоцияны қабылдау, музыкалық есту, ырғақты сезіну, образды және ассоциативті ойлау сияқты қабілеттерін жетілдірді. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен қызығушылығы артып, өз ойын еркін жеткізу, дербес шешім қабылдау, тың идея ұсыну дағдылары дами түсті. Музыкалық импровизация элементтері мен шығармашылық тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының ішкі әлеуетін ашуға, өзін-өзі танытуына және сабаққа деген танымдық қызығушылығын арттыруға жағдай жасады.

3 «А» және 3 «Ә» сынып оқушыларының шығармашылық белсенділік деңгейлері (жоғары, орташа, төмен) мен сыныптар бойынша үлестері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігінің даму деңгейінің бақылау және эксперименталды топтағы көрсеткіштері

Сынып	Шығармашылық белсенділігі жоғары оқушылар	Орташа деңгей	Төмен деңгей
3 А	21%	44%	35%
3 Ә	23%	50%	27%

Оқушылардың шығармашылық белсенділігінің деңгейлері бойынша сыныптар арасындағы айырмашылықтар 1-суретте диаграмма арқылы бейнеленген.



1-сурет – Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігінің даму деңгейінің бақылау және эксперименталды топтағы көрсеткіштері

Оқушылардың шығармашылық белсенділік деңгейін бағалау нәтижелері мынадай көрініс берді. Деректерге сүйенсек, 3 «А» және 3 «Ә» сыныптарында шығармашылық белсенділік деңгейі әртүрлі екені байқалады. Екі сыныпта да оқушылардың басым бөлігі орташа деңгейде. 3 «А» сыныбында шығармашылық белсенділігі жоғары оқушылардың үлесі – 21%, ал 3 «Ә» сыныбында – 23%. Сонымен қатар 3 «А» сыныбында төмен деңгейдегі оқушылар саны 35%-ды құрап, салыстырмалы түрде көбірек екені анықталды. Бұл мәліметтер шығармашылық тапсырмаларды жүйелі қолданудың маңызын көрсетіп, алдағы жұмыс бағыттарын нақты айқындауға негіз болды.

Ал 3 «Ә» сыныбын – эксперименттік топ ретінде алып, онда шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдерді жүйелі түрде енгіздік.

Оқушыларға келесідей тапсырмаларды ұсындық:

1. Музыкалық импровизация. Балалар қарапайым соқпалы аспаптар арқылы өз ритмін ойлап тапты.

2. Сюжеттік қойылым. «Музыкалық ертегі» әдісі: оқушылар «Ормандағы достық» атты қысқа көрініс құрып, сүйемелдеу ретінде әр түрлі музыка қолданды.

3. Музыка мен сурет біріктіру. Әр оқушы «Қыс» композициясын тыңдай отырып, ақ қар, боран, терезедегі үлгі сияқты сурет салды.

4. Топтық шығармашылық тапсырма. 3-4 оқушыдан құралған топ бір әуен ойлап тапты – біреуі ырғақ, екіншісі әуен, үшіншісі қимыл қосты.

5. Табиғат дыбыстарынан шабыт. Табиғат дыбыстары жазылған аудио тыңдатылды. Балалар сол дыбыстарды музыкалық тәсілмен бейнеледі.

Бақылау және эксперименттік топтағы шығармашылық белсенділік деңгейінің салыстырмалы нәтижелері 2-кестеде берілген.


2-кесте – Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігінің қалыптасу деңгейінің бақылау және эксперименталды топтағы көрсеткіштері

Сынып	Шығармашылық белсенділігі жоғары оқушылар	Орташа деңгей	Төмен деңгей
3 А	25%	48%	26%
3 Ә	35%	47%	18%

Теориялық бөлімде қарастырылған ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, тәжірибелік зерттеу барысында 3-сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі әдістер қолданылды.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде, оқушылардың шығармашылық белсенділігі едәуір артты. Эксперименталды сыныптағы оқушылардың басым бөлігі музыкалық туындыларды сезініп қабылдауда, қиялмен жұмыс жасауда жоғары белсенділік танытты. 3 «Ә» сыныбында шығармашылық белсенділігі жоғары оқушылардың үлесі 35%-ға жетіп, орташа деңгейдегі оқушылар – 47%, төмен деңгей – 18% болды. Бұл көрсеткіштер оқушылардың шығармашылық әлеуеті жүйелі жұмыстар арқылы дамитынын дәлелдеді.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі бойынша өзгерістер 2-суреттегі диаграммада айқын көрсетілген.



2-сурет – Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігінің қалыптасу деңгейінің бақылау және эксперименталды топтағы көрсеткіштері

Теориялық бөлімде қарастырылған ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, тәжірибелік зерттеу барысында 3-сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі әдістерді қолдандық. Зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылар шығармашылық белсенділіктері мен музыкалық қиялының төмен даму деңгейін көрсетті.


Алайда эксперименттік кезеңде енгізілген шығармашылық бағыттағы тапсырмалар мен әдістердің арқасында қалыптастыру кезеңінде оқушылардың шығармашылық қабілеттері едәуір жоғарылады. Әсіресе, музыкалық импровизация, музыкамен сурет салу, қойылымдар жасау сияқты жаттығулар оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне, эмоциясын музыка арқылы білдіруіне ықпал етті.

Сабақ соңында оқушылармен сауалнама жүргіздік. Сауалнама мақсаты – қай тапсырма түрінің олар үшін қызықты әрі әсерлі болғанын анықтау және олардың сабаққа деген мотивация деңгейін бағалау болатын.

Сауалнамаға келесі сұрақтарды қолдандық:

1. Саған музыка сабағында шығармашылық тапсырмаларды орындау ұнады ма?
2. Қай тапсырма саған ерекше қызықты болды?
3. Өз ойыңнан музыка шығару немесе топпен жұмыс істеу қиын болды ма?
4. Музыка сабағынан кейін өзінді шығармашыл адам ретінде сезіндің бе?
5. Мұндай тапсырмалар келесі сабақтарда да қайталанса, саған ұнай ма?

Оқушылардың жауаптары негізінде алынған сауалнама нәтижелері 3-суретте бейнеленген.



3 сурет – Оқушылардан алынған сауалнама нәтижесі

Зерттеу нәтижелері эксперименталды сыныпта шығармашылық белсенділігі жоғары оқушылардың үлесі 23%-дан 35%-ға дейін өсіп, 12%-ға артуы – музыка сабағында шығармашылыққа бағытталған әдістердің тиімділігін дәлелдеді. Сонымен қатар төмен деңгейдегі оқушылар саны 27%-дан 18%-ға дейін азайды. Бұл

өзгерістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айтарлықтай дамығанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эксперименталды сыныпта шығармашылық белсенділігі жоғары оқушылардың үлесі 23%-дан 35%-ға дейін өсіп, 12%-ға артуы – музыка сабағында шығармашылыққа бағытталған әдістердің тиімділігін дәлелдеді. Сонымен қатар төмен деңгейдегі оқушылар саны 27%-дан 18%-ға дейін азайды. Бұл – оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айтарлықтай дамығанын көрсетті.

Ал бақылау сыныбында шығармашылық деңгейінің өзгерісі айтарлықтай болмағанымен, дәстүрлі әдістермен өткізілген сабақтардың оқушылардың шығармашылық дамуына шектеулі ықпал ететінін байқадық.

Қорытынды

Қорыта келе, тәжірибе барысында қолданылған импровизация, музыкалық қойылымдар, суретпен жұмыс, топтық ырғақ құрастыру, қиялмен жұмыс – бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда тиімді құрал бола алатынын анықтадық.

Осылайша музыка сабақтары бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқаратынын байқадық. Музыкалық әрекеттер – ән айту, аспапта ойнау, қимыл-қозғалыс – баланың өмірлік тәжірибесімен ұштасып, оның музыканы терең түсініп, сезінуіне ықпал етеді.

Музыкалық қабілеттер кезең-кезеңімен дамиды және өзара байланысты. Сондықтан мұғалім сабақта шығармашылық орта қалыптастырып, оқушының қиялы мен өзіндік ойын дамытуға жағдай жасауы қажет. Бұл оқушының тұлғалық, эстетикалық және мәдени дамуына негіз болады.

Тәжірибе нәтижесінде музыка сабақтарының бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудағы маңыздылығы айқындалды. Музыкалық әрекеттер – ән айту, аспапта ойнау, қимыл-қозғалыс элементтері – баланың өмірлік тәжірибесімен ұштасып, оның музыканы терең сезінуіне және түсінуіне оң ықпал еткені дәлелденді. Сонымен қатар музыка сабағында түрлі көркемдік образдарды қабылдау және қайта бейнелеу арқылы оқушылардың қиялы, эмоционалдық сезімталдығы және эстетикалық талғамы дамығаны байқалды.

Зерттеу барысында музыкалық қабілеттердің біртіндеп және өзара байланыста дамитыны анықталды. Осыған байланысты мұғалімнің сабақта шығармашылық орта қалыптастыруының маңызы ерекше екені расталды. Сабақ барысында оқушылардың қиялын ынталандыру, өзіндік ой-пікірін білдіруге жағдай жасау олардың тек шығармашылық әлеуетін ғана емес, сонымен бірге тұлғалық, эмоционалдық және мәдени дамуын қамтамасыз еткен.

Алынған нәтижелер музыка сабақтарының оқушылардың эстетикалық тәрбиесіне, көркемдік ойлауының қалыптасуына және өзіндік шығармашылық қабілеттерінің ашылуына ықпал ететінін көрсетті. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларының жалпы дамуында маңызды рөл атқаратынын және болашақта олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыруға негіз болатынын дәлелдеді.

Жүргізілген тәжірибе бастауыш сыныптағы музыка сабақтарының оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуда үлкен әлеуетке ие екенін және бұл бағыттағы жұмыстың жүйелі түрде жүргізілуі қажеттігін көрсетті.

Мақала авторларының қосқан үлестері:

Асенова Н.С. – бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін музыка сабағы арқылы дамытудың педагогикалық шарттарын, психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын негіздеп, зерттеу нәтижелеріне ғылыми талдау жүргізуге жетекшілік етті. Сонымен қатар автор педагогикалық интерпретация, тұжырым және қорытындылау процесіне белсенді атсалысты.

Сегизаева А.М. – зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, музыкалық білім беру мен шығармашылық қабілетті дамытуға қатысты тұжырымдамалық шеңберді қалыптастырды. Мақалада ұсынылған зерттеудің эмпирикалық бөлігін орындап, тәжірибелік жұмысты ұйымдастыру мен өткізуге тікелей жауапты болды. Ол Павлодар қаласындағы мектепте 3-сынып оқушыларымен тәжірибе жүргізіп, шығармашылық қабілетті арттыруға бағытталған әдістемелік тәсілдерді әзірлеп, эксперименттік тапсырмаларды орындады. Сондай-ақ сауалнама, бақылау, тестілеу сынды диагностика әдістерін қолданып, алынған деректерді талдау және қорытындылау жұмыстарын жүзеге асырды. Мақала мәтінін құрастыру, эмпирикалық нәтижелерді сипаттау және визуалды материалдарды (кестелер, диаграммалар) дайындау міндеттері де осы авторға тиесілі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **Досмамбетова, Ш.Б.** Оқу-тәрбие үрдісінде шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мәселелері [Мәтін] // Жас ғалым. – 2015. – №1(81). – Б. 98-100.
2. **Жетпісбаева, Б.А.** Музыка сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту. [Мәтін] // «Білім» журналы. – 2015. – №3. – Б. 45–48.
3. **Әбу Насыр әл-Фараби.** Музыка туралы үлкен кітап. Ауд.: Ж. Сандыбаев. [Мәтін]. – Алматы: Колор, 2008. – 751 б.
4. **Нұғманов, А.Е.** Музыкалық білім беру әдістемесі. [Мәтін]. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 240 б.
5. **Әлкебаева, Ж.М.** Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары. [Мәтін]. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 176 б.
6. **Әбдіғапбарова, Ұ.Б.** Педагогика және психология негіздері. [Мәтін]. – Шымкент: Әлем, 2010. – 280 б.

7. **Fitzgerald, R., Nielsen, T.W.** Imaginative Practice, Imaginative Inquiry: Proceedings of the Sixth International Conference on Imagination and Education. [Text]. – Canberra: University of Canberra Press, 2008. – 364 p.
8. **Сарыбекова, Г.К.** Бастауыш сынып оқушыларының өнер арқылы шығармашылығын дамыту [Мәтін]. – Астана: Фолиант, 2016. – 210 б.
9. **Hallam, S., Cross, I., Thaut, M.** The Oxford Handbook of Music Psychology [Text]. – New York: Oxford University Press, 2009. – 421 p.
10. **Смирнова, Е.О.** Развитие творческих способностей младших школьников на уроках музыки [Текст]. – Алматы: Білім, 2008. – 192 с.
11. **Массол, Л.М., Гайдамак, О.В.** Методика обучения искусству в начальной школе [Текст]. – Харьков: Генеза, 2012. – 144 с.
12. **Қоянбаев, Ж.Б., Қоянбаев, Р.М.** Педагогика [Мәтін]. – Алматы: «Print-S», 2014. – 350 б.

References

1. **Dosmambetova, Sh.B.** Oqu-tarbie urdisinde shygarmashyly tulgany kalyptastyru meseleleri [Issues of forming a creative personality in the educational process] [Text] // Zhas galym. – 2015. – №1(81). – P. 98-100. [In Kazakh]
2. **Zhetpisbaeva, B.A.** Muzyka sabagynda okushylardyn shygarmashylygyn damytu [Development of students' creativity in music lessons] [Text] // Bilim. – 2015. – №3. – P. 45–48. [In Kazakh]
3. **Abu Nasyr al-Farabi.** Muzyka turaly ulken kitap [The Great Book on Music] [Text] transl. Zh. Sandybaev. – Almaty: Kolor, 2008. – 751 p. [In Kazakh]
4. **Nugmanov, A.E.** Muzykalyk bilim beru adistemesi [Methods of music education] [Text] – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 240 p. [In Kazakh]
5. **Alkebaeva, Zh.M.** Bastauysh synyp okuhylarynyn shygarmashylyq qabileterin damytu zholdary [Ways to develop creative abilities of primary school students] [Text] – Almaty: Qazaq universiteti, 2007. – 176 p. [In Kazakh]
6. **Abdigapbarova, U.B.** Pedagogika zhane psikhologiya negizderi [Fundamentals of pedagogy and psychology] [Text] – Shymkent: Alem, 2010. – 280 p. [In Kazakh]
7. **Fitzgerald, R., Nielsen, T.W.** Imaginative Practice, Imaginative Inquiry: Proceedings of the Sixth International Conference on Imagination and Education. [Text]. – Canberra: University of Canberra Press, 2008. – 364 p.
8. **Sarybekova, G.K.** Bastauysh synyp okushylarynyn oner arqyly shygarmashylygyn damytu [Development of creativity of primary school students through art] [Text] – Astana: Foliant, 2016. – 210 p. [In Kazakh]
9. **Hallam, S., Cross, I., Thaut, M.** The Oxford Handbook of Music Psychology [Text]. – New York: Oxford University Press, 2009. – 421 p.
10. **Smirnova, E.O.** Razvitie tvorcheskikh sposobnostei mladshikh shkolnikov na urokakh muzyki [Development of creative abilities of younger schoolchildren in music lessons] [Text] – Almaty: Bilim, 2008. – 192 p. [In Russian]
11. **Massol, L.M., Gaidamak, O.V., Belkina, E.V.** Metodika obucheniya iskusstvu v nachal'noi shkole [Methods of teaching art in primary school]. – Kharkiv: Geneza, 2012. – 144 p. [In Russian]
12. **Koyanbayev, Zh.B., Koyanbayev, R.M.** Pedagogika [Pedagogy] [Text] – Almaty: Print-S, 2014. – 350 p. [In Kazakh]

Н.С. Асенова, А.М. Сегизаева*

Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан
Казахстан, Павлодар**Некоторые способы развития творческих способностей
младших школьников через уроки музыки**

Аннотация. В этой статье рассматриваются некоторые способы развития творческих способностей младших школьников через уроки музыки. Охарактеризовано влияние музыкальной деятельности на эстетическое и личностное развитие учащихся, предложены эффективные методы и приемы. Урок музыки – эффективное средство развития творческих способностей младших школьников. Музыкальная деятельность сформировала у детей воображение, эмоциональные чувства, художественный вкус, способствовала их эстетическому и личностному развитию. В статье проведен анализ методов и приемов, используемых в развитии творческих способностей учащихся. В частности, были предложены такие виды работ, как пение, прослушивание музыки, музыкальная импровизация, создание художественного образа с помощью ритмических движений и музыки. Кроме того, была рассмотрена важность организации учебной среды, которая позволяет учащимся мыслить самостоятельно, принимать самостоятельные решения и свободно выражать свои эмоции с помощью творческих заданий. На уроках музыки были продемонстрированы педагогические условия создания условий для раскрытия творческих способностей с учетом индивидуальности каждого ученика. Предложенные в статье подходы активизировали учебный процесс, повысили интерес учащихся к искусству. В ходе исследования было выявлено значение музыкальной деятельности в формировании у детей воображения и мышления, эмоционального чувства и эстетического вкуса. С учетом индивидуальных особенностей учащихся была организована творческая среда, способствующая их самостоятельности, свободному самовыражению и интересу к искусству.

Ключевые слова: творческие способности, уроки музыки, начальный класс, музыкальная деятельность, педагогические методы.

N.S. Asenova, A.M. Segizayeva*

Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan
Kazakhstan, Pavlodar**Some ways to develop the creative abilities
of younger students through music lessons**

Annotation. This article discusses some ways to develop the creative abilities of younger students through music lessons. The influence of musical activity on the aesthetic and personal development of students is characterized, effective methods and techniques are proposed. A music lesson is an effective means of developing the creative abilities of younger students. Musical activity has shaped children's imagination, emotional feelings, artistic taste, and contributed to their aesthetic and personal development. The article analyzes the methods and techniques used in the development of students' creative abilities. In particular, such types of work as singing, listening to music, musical improvisation, creating an artistic image using rhythmic movements and music were offered. In addition, the importance of organizing a learning environment that allows students to think independently, make independent decisions, and

freely express their emotions through creative tasks was considered. The music lessons demonstrated the pedagogical conditions for creating conditions for the disclosure of creative abilities, taking into account the individuality of each student. The approaches proposed in the article have intensified the educational process and increased students' interest in art. The study revealed the importance of musical activity in the formation of children's imagination and thinking, emotional feelings and aesthetic taste. Taking into account the individual characteristics of the students, a creative environment was organized that promotes their independence, free expression and interest in art.

Keywords: creativity, music lessons, elementary school, musical activity, pedagogical methods.

Мақала тарихы:

Алынған күні: 19.04.2025

Қабылданды: 04.06.2025

Авторлар туралы мәлімет:

Асенова Назымгул Сабыровна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика жоғары мектебінің профессоры, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: asenovans@mail.ru.

Сегизаева Айсара Мухамедьяровна – хат-хабар үшін автор, магистрант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. Tel. +77763268605. E-mail: ais.segizaeva@mail.ru,

Information about the authors:

Asenova Nazymgul Sabyrovna – candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. Tel. +77773179995. E-mail: asenovans@mail.ru.

Segizayeva Aisara Mukhamedyarovna – the author is for correspondence, master's student, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. Tel. +77763268605. E-mail: ais.segizaeva@mail.ru,

Информация об авторах:

Асенова Назымгул Сабыровна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Казахстан. Tel. +77773179995. E-mail: asenovans@mail.ru.

Сегизаева Айсара Мухамедьяровна – автор для корреспонденции, магистрант, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Казахстан. Tel. +77763268605. E-mail: ais.segizaeva@mail.ru,